# ӨНДІРІС ПРОЦЕССІ ЖӘНЕ ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Орындаған: Дінмұхамед Әділбекұлы

# Өндіріс процесінің мәні және маңызы:

Әрбір кәсіпорын жұмысының негізін өндіріс процесі құрайды. Еліміздіңэкономикасын көтеруде оны интенсификациялау, әрине, маңызды роль ойнайды. Басқа сөзбен айтқанда, өндіріс тиімділігін жоғарлату, оны интенсификациялау арқылы мүмкіндік береді.

# Интенсификациялауға не жатады:

- жұмыс уақытыныңжоғалуыныңқысқарту;
- жұмыс уақытты тығыз пайдалану;
- еңбек өнімділігін көтеру;
- жаңа техника мен технология енгізу;
- өндіріс процесін рационалды ұйымдастыру және т.б.

# Мысалы:



Мұнайгаз саласында өндіріс процесін интенсификациялау факторларына, оны жалпы механизациялау, автоматтандыру, конвеерлі өндіріс енгізу жатады.

**Өндіріс процесі**

- *технологиялық, табиғи процестерді және бір-бірімен байланысты еңбек процестерінің бірлігі*

**Еңбек процесі**

- *еңбек затын, оның формасын, көлемін, физикалық жағдайын, орналасуының, сыртқы түрін және тағы басқаларды өзгерту*

# ӨНДІРІС ПРОЦЕСТЕРІ БІРҚАТАР БЕЛГІЛЕРМЕН АНЫҚТАЛАДЫ:

**Жұмысшыныңөндіріс процесіне қатысу дәрежесіне байланысты**

- *қол еңбегі процесі;*
- *машиналы-қолды;*
- *машиналық ӨП;*
- *автоматтандырылғанӨП;*
- *аппараттық ӨП.*

**өндірістегі белгіленген мақсатына байланысты**

- *Негізгі*
- *Қосалқы*

**ӨП мазмұны бойынша**

- *механикалық;*
- *физико-химиялық*

**Өту жағдайына және ұзақтылығына байланысты ӨП**

- *Үздікті*
- *үздіксіз*

# Өндіріс процестердің ұйымдастырылуы

Кез-келген өндіріс процесс оның орынды, тиімді (рационалды) ұйымдастырылуын қажет етеді. Өндіріс процестердің ұйымдастырудың негізгі принциптері:

- үздіксіздік;
- ырғақтылық;
- пропорциялылық.

# Үздіксіздік принципі

- еңбек затыүздіксіз өнделіп, дайын өнімүздіксіз өндірілуін білдіреді /мұнай, газ, газконденсаты, мұнайөнімдері/. Мұнайгаз салада мұнай технологиялық тізбектіңөндіру, өндеу, тасымалдау кезендерінде өндіріс процестеріүздіксіздік принцип бойынша ұйымдастырылған. Яғни, өндіру процесітоқтаусыз, әріүзіліссіз өтеді. ӨПүздіксіздігі негізгі қорларды неғұрлым толық пайдалануға және айналым қорыныңайналу жылдамдығын тездетуге мүмкіндік береді.

# Ырғақтылық принципі

-кәсіпорынныңберілген жоспары /графигі/ бойынша бірқалыпты өнім шығарып отыруын білдіреді.Өндіріс процестерініңырғақтылығы кәсіп-орынныңбарлық цехтары мен бөлімшелерінде өндірістіңбірқалыпты жүріп отыруымен қамтамасыз етіледі.

Өндіріс процестердің

**пропорциялылығы** операциялардың ұзақтығы бойынша теңдігін немесе олардың еселігін, яғни бір орындалғанда толығымен, аяғына дейін атқарылуын білдіреді.



# Өндірісті ұйымдастыруының негізгі әдістеріне:

- жаппай/потокты/;
- сериялық /группалық/;
- жеке дара жүргізу әдістері жатады.




Өндірісті ұйымдастырудың жаппай **әдісі** бірыңғай, біркелкі өнімді көп көлемде үздіксіз шығарумен мінезделеді. Өндірісті ұйымдастырудың **сериялық** өндірісі өнімнің бір түрінен екінші түріне жеңіл ауысуын қамтамасыз ететін өнімді сериялармен /кішкене-кішкене бөліктермен/ шығарумен мінезделеді. Жаппай өндіріс әдісімен ұйымдастырылған кәсіп-орындардың жеке учаскілерінде қолдануға болады. Өндірісті ұйымдастырудың **жеке дара** әдісі өнімнің майда сериялармен және бөлек бірліктермен /жеке дара жоба бойынша/ шыға-рылуын мінездейді. Жеке дара өндіріс жаңа, неғұрлым жетілген өнімді шығаратын, тәжірибелі өндіріспен байланысты.

# Өндірісті ұйымдастыру нысандары:

- мамандандыру /специализация/;
- бірлестіру /кооперация/;
- қиыстыру/комбинирлеу/;
- шоғырландыру /концентрация/.





# Өндірісті ұйымдастыру типтерінің ерекшеліктері:

| Өндіріс типі | Технологиялық ерекшеліктері | Қайталануы | Процессті басқару мәселелері |
|---|---|---|---|
| Жаппай | Бұйым толық технологиялық циклын өтеді, құрал-жабдықтың өзгеруі аз болады, жоғары мамандандырылған еңбекті талап етпейді. | Қатаң белгілен-ген номенкла-тура (өнімнің түрі) | Өндірістік циклда тәртіп сақталады, ұсақ кемшіліктері тез жойылады, ӨП талдау, тепе-теңдігінің жолын оңай есептеуі |
| Сериялық | Әртүрлі бұйымдарға тех-нологияның айырмашы-лығы, өнімнің жылдам өз-геруі, әмбебаптылық және өзгерістілік | Шығарудың бекітілген реттелген партиялары | Тапсырыс бойынша жоспарлау, тұтынушы-ға және сұранысқа не-гізделуі, бұйым шығаруға минимум уақыт кетіру, өзіндік құнын төмендету |
| Жеке дара | Өнім өте ерекше және күрделі, сұраныс аз, жоба-лық тапсырыс жасауға ба-ғытталған өндіріс, негізгі шығындарды жоғары ма-мандандырылған еңбек және қымбат материал-дарды талап етеді | Сирек | Негізгі мақсаты-өнім шығару процесс уақы-тын қысқарту, өндіріс кезеңдіктерін келістіру |

Назарларыңызға рахмет!!!